

### **Айкумбеков Н.Р.**

заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Каспий қоғамдық университеті, «Әділет» Жоғары құқық мектебі,  
Қазақстан, Алматы, e-mail:nodrug2010@gmail.com

## **СУРРОГАТ АНАЛЫҚ ПЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ**

20 ғасырда әлемдегі дамыған елдерде медицина қарқынды дами бастады, олардың қатарында репродукция да бар. Ол ТМД елдерін де айналып өтпеді. Мақала Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасындағы суррогат анаға байланысты сұрақтарға бағытталған.

Суррогат ана кең мағынада оны асырап алу үшін, басқа тұлғаларға табыс ету мақсатында бала көтеретін босанатын әйелмен жүзеге асатын барлық жағдайларды айтады. Суррогат ана болып баланың дүниеге келгеніне дейін олардың арасында генетикалық байланысы жоқ ұрықсыз жұп үшін бала көтерген әйел саналады.

Соңғы кезде суррогат ана институты ұдайы және жан-жақты талқыланып жүрген моралдық және құқықтық мәселелері болып жатыр.

ТМД елдерінің суррогат анаға қатысты ҚК біздің Қылмыстық Кодексте жоқ құрамдарына ие. Ұрпақ жаңғырту денсаулығын қорғаудың барлық шаралары арқылы жүзеге асыруы қажет, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық түрде. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне ұқсас нормаларын енгізу осы медициналық құқық бұзушылықтарды болдырмауына жол ашады.

Сонымен қатар, жоғарыда қарастырылған проблемалық сұрақтардың шешуі болып «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» атты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі саналады, оның әрі қарай жаңартылуы қажет.

**Түйін сөздер:** суррогат ана, қылмыстық құқық, репродуктивті денсаулық, ерлер мен әйелдердің репродуктивті құқықтары.

Aikumbeckov N.R.

Candidate of Legal Sciences, associate professor,  
Caspian Public University, Higher School of Law "Adilet",  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nodrug2010@gmail.com

### **Surrogate maternity and criminal law**

In the 20th century, the rapid development of medicine, including reproductive medicine, began in the developed countries. It did not bypass the CIS countries. The article is devoted to the issues of surrogate motherhood in the context of the new criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.

Surrogate motherhood generally describes all cases when conception, bearing and birth of a child are carried out by a woman with the aim to passhim/her to other people for adoption. A surrogate mother is a woman who carries a child for a sterile couple before a child is born, in the absence of a genetic link with this child.

Recently the institution of surrogate motherhood is the most intensively and comprehensively discussed problem of morality and law. Criminal Code of the CIS countries contain elements related to surrogate motherhood, which our Criminal Code lacks. Protection of reproductive health should be implemented by all means, including criminal law. The introduction of similar norms in our Criminal Code of the Republic of Kazakhstan should help prevent the medical violations.

At the same time, the solution of most of the problematic issues discussed above is the Code of the Republic of Kazakhstan «About Health Care and the Health System», which also needs further modernization.

**Key words:** surrogate maternity, criminal law, reproductive health, reproductive rights of women and men.

Айкумбеков Н. Р.

кандидат юридических наук, ассоциированный профессор,  
Каспийский общественный университет, Высшая школа права «Адилет»,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nodrug2010@gmail.com

### Суррогатное материнство и уголовное право

В 20 веке в развитых странах началось бурное развитие медицины, в том числе репродуктивной. Не обошло оно и страны СНГ. Статья посвящена вопросам суррогатного материнства в контексте нового уголовного законодательства Республики Казахстан.

Под суррогатным материнством в широком смысле понимаются все случаи, когда зачатие, вынашивание и рождение ребенка осуществляются женщиной с целью его передачи другим лицам для усыновления. Суррогатной матерью считается женщина, вынашивающая ребенка для бесплодной пары до его рождения при отсутствии у нее генетической связи с ребенком. В последнее время институт суррогатного материнства является одной из наиболее интенсивно и всесторонне обсуждаемых проблем морали и права. УК стран СНГ содержат составы, которых нет в нашем Уголовном Кодексе, относящиеся к суррогатному материнству. Охрана репродуктивного здоровья должна осуществляться всеми мерами, в том числе и уголовно-правовыми. Введение аналогичных норм в наш Уголовный кодекс Республики Казахстан должно способствовать предупреждению этих медицинских правонарушений. Вместе с тем, решением большинства проблемных вопросов, рассмотренных выше, является Кодекс Республики Казахстан «Об охране здоровья и системе здравоохранения», который также нуждается в дальнейшей модернизации.

**Ключевые слова:** суррогатное материнство, уголовное право, репродуктивное здоровье, репродуктивные права женщин и мужчин.

#### Кіріспе

Адамзаттың бүкіл өмір сүру тарихындағы некенің маңызды мақсаттарының бірі бала саналып келді. Біздің арманымыз, бейнетіміз және үмітіміз олардың дүниеге келуімен және тәрбиелеумен тікелей байланысты. Алайда, әкелік және аналық қуанышты сезіну барлығына жазбаған, атап айтқанда, медициналық статистика бойынша, барлық ерлі-зайыпты жұптардың 20 пайызы баланы табиғи түрде босану мүмкіншілігіне ие емес (Вишневский, 2002: 1) Ерлі зайыпты жұптар үшін сурогатты ана қызметіне жүгінуге тек әйелдің бала көтере алмауы ғана емес, сонымен қатар жүкті болып жүре алмау және бала босана алмау да алып келеді. Шынайы суррогат ана болып FIV немесе ұқсас процедура көмегімен алынған эмбрионды алып жүретін, оның биологиялық анасы болып табылмайтын және болашақ баланың заңды анасы болуға да ынталы емес жағдайындағы әйел танылады.

Адамның ежелден бері аталған мәселені шешуге ұмтылғандығына қарамастан, тек соңғы жылдарда ғана, адам репродукциясын қолдан пайдалану тәсілінің арқасында, ахуалды өзгертуге мүмкіндік туды. Қолдан ұрықтандыру және эмбрионды имплантациялау отасын жүргізу ерлі-зайыптылардың ата-ана болу үмітін оятуға мүмкіндік берді (Вундер, 1990: 2). Алайда, осы репродуктивті әдістерді қолдану бәрібір де

этикалық, медициналық және заңды сипаттағы бірқатар мәселелерді алып қалыптастырады. Суррогат (алмастырушы) ананы пайдалану айналасында болатын даулардың көпшілігі, денсаулықтары бойынша балалы бола алмайтын ерлі-зайыптылар үшін қолдан ұрықтандыру көмегімен бала көтеруге және босануға келісім берген әйелге байланысты болып келеді (Голод, 2002: 3).

Суррогат ана дегеніміз кең мағынада, оны асырап алу үшін басқа тұлғаларға табыс ету мақсатында бала көтеретін, босанатын әйелмен жүзеге асатын барлық жағдай.

«Пробиркеде» ұрықтандыру және эмбрионды трансплантациялау көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда бедеулікті емдеу үшін қолданылады.

Суррогат ана болып баланың дүниеге келгеніне дейін олардың арасында генетикалық байланысы жоқ ұрықсыз жұп үшін бала көтерген әйел саналады.

Соңғы уақыттарда суррогат ана институты ұдайы және жан-жақты талқыланып жүрген моралдық және құқықтық мәселелер болып отыр. Қандайда бір жақтың бағытын негіздеу үшін олардың бағытын зерттеуге жүгіну қажет.

Суррогат анаға байланысты ЮНЕСКО өткізген соңғы конференциялардың бірінде келесідей пікірлер сөз болды, «способность женщины вынашивать и родить начинает активно использоваться в реестре рыночных услуг как

«суррогатное материнство» с использованием полного набора лжегуманистической, бутафорской терминологии, начиная с эксплуатации термина «благородство» до введения новейшей формы донорства женской утробы и нового статуса матери – «матери – носительницы» или «временной матери» (ЮНЕСКО халықаралық конференция материалдары: 4).

### Негізгі бөлім

Семинарға қатысушылардың адам құқықтары бағытындағы Мәскеулік Хельсинкшілік топтары келесідей пікірге келді «...суррогатное материнство (вынашивание оплодотворенной яйцеклетки женщиной, которая после родов возвращает ребенка генетическим родителям) даже в тех случаях, когда оно осуществляется на некоммерческой основе, противозаконно и морально недопустимо (Богораз, 2003: 5). Травмируя как вынашивающую мать, так и дитя, этот метод пренебрегает той глубокой эмоциональной и духовной близостью, которая устанавливается между матерью и младенцем во время беременности и провоцирует кризис идентичности у ребенка (которая мать – настоящая?)» (Люшер, 1993: 6).

Суррогат анаға қарсы тараптар (оларға бірінші кезекте шіркеу жатады) бала көтерген уақыттағы ана мен шарана арасында болатын терең эмоционалды байланыстың немқұрайлылығына алып келетіндігін алға тартады (7). Осыдан бөлек, шіркеу өкілдері, бала босандың маңыздылығын мойындап, оны некенің жалғыз мақсаты деп санамайды. Некені «сезім құпиясы» деп тани отырып, олар ерлі-зайыптылардың төсек қатынасындағы этикалық құндылықты жаны мен денесі бірігетін, толық және өзара берілуі деп санайды. Сонымен қатар, осындай бірігу тек адамды дүниеге әкелумен шектелмейді. Прославты шіркеу, синергия идеясын, яғни әлемді жасаудағы Құдай мен адамның жаратылуын қабылдай отырып, соңғының өзімен әлем Жаратушысын алмастыруына барлық жағынан қарсы тұрады. Сондықтан, егер ері ұрықсыз әрі медицина оған көмек беруге қауқарсыз болса, қандай да бір амалмен оны алмастыратын жағдайда іздемей әйелі оны қандай болса солай қабылдауы тиіс (Тольц, 2003: 8). Мұсылман діні суррогат ана мәселесін шешудің басқадай жолын қарастырады. Ислам дінін ұстанушы елдерде полигамиямен шешілген, яғни суррогат ана болып ерінің басқа әйелі танылуы мүмкін (Харчев, 2002: 9).

Күйеуінен кідірет болмаған жағдайда бедеу әйелдің мәселесі ежелде екі жолмен шешілген: не ері ажырасуға құқылы болған, не ананы алмастыруға жол берілген. Аталған жайттар Інжілде қарастырылған (10).

Хаммурапи заңдарында да анасын алмастыру ережесі қарастырылған: «Если человек возьмет замуж бесплодную женщину, эта бесплодная женщина даст своему мужу рабыню и создаст, таким образом, детей, а этот человек вознамерится взять себе наложницу, то того не должно позволять этому человеку, он не может взять наложницу» (Батыр, 1996: 11).

Плутарх қазіргі уақыттағы суррогат ана жағдайы кезіндегі эллиндердің ортасынан шыққандығымен байланыстырады: «Стратоника, понимая, что ее мужу необходимо иметь законных детей для передачи по наследству его царской власти, и не рожая ему сама, убедила его произвести детей с другой женщиной и позволить ей, Стратонике, принять их как своих родных. Дейотар, восхищенный ее самоотвержением, предоставил ей свободу действий, и она, выбрав из числа пленных прекрасную девушку по имени Электр, свела ее с Дейотаром, а родившихся от этого союза детей воспитала как своих законных, с любовью и великолепной щедростью» (Плутарх, 1999: 12).

Егер әйелі күннен бала көруге мүмкіндік бермеген, яғни оған өзі күң әкеліп бермеген жағдайда ғана еркек күнді өзі алып келуге мүмкіндігі болған. Мұндай жағдайда ері күнді өзі таңдаған, алайда ол оның әйелімен мәртебе бойынша тең болмаған, тек бала туу қызметін атқарған. Суррогат ана мен суррогат әке симбиозы тірі адам мен өлі адам арасындағы ерлі-зайыптылар қатынасын реттеудегі «аруақ неке» салты ретінде танылуы мүмкін. Сонымен, «кукуйю» тайпасында қаза болған күйеуінің мүлкін мұрагерлікке алу мүмкіндігі бар, алайда ашынасынан бала көтере алмайтын жастағы жесір әйел өзі сияқты мұрагерді дүниеге алып келу үшін әйелді сатып алу мүмкіндігі болған. Өлген адамның мүлкіне сатып алынғандықтан, әйел қаза болған адамның зайыбы ретінде танылған (Рулан, 2000: 13).

Коммерциялану мүмкіндігіне байланысты ананы алмастыру тәжірибесі сынға ұшырауда. Ол аталған әдіс бай тапсырыс берушілер үшін бала жасаушы ақылы инкубаторлар рөліндегі әйелдерді қанау құралы ретінде пайдалану мүмкіндігімен қорытындыланады. Осындай фактілер аз емес. Жақында Молдавада балаларды шет елдерге жолдаумен айналысатын

қылмыстық топ анықталған болатын. «Донор» – аналар балаларының қайда жөнелтілетіндігін бала көтерген кездерінің өзінде білген. Америкада жүріп өзінің әріптесімен, осыған ұқсас «бизнеспен» айналысқаны үшін Венгрияда генетик-дәрігер Энде Цейзелге қарсы қылмыстық іс қозғалған болатын (Воеводин, 2000: 14).

Брюсселдегі Бүкіләлемдік медициналық ассоциация декларациясында (1985 ж.) суррогат ананы коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салу туралы қарастырылған (Богораз Л.И., 2003: 5). Біз қазақстандық заңнамаларда суррогат ана тек қана мемлекет жүйесіндегі денсаулық сақтау мекемелерінде және денсаулығына байланысты тапсырыс беруші өз бетінше бала көтере алмайтын және босана алмайтын жағдайларда ғана орын алу қажеттігі көрсетілу тиістілігі жөнінде тұжырым жасаймыз.

Осы кезеңде суррогат анаға қатысты медициналық көрсеткіштерді нақтылауымыз қажет. Біздің көзқарасымыз бойынша суррогаттық анаға тек ғана бедеуліктің жолын кесу мақсатында ғана жол берілетін айрықша жағдайда – осыған дәстүрлі түрде жататын – бала көтере алмауға алып келетін жатырдың жоқтығы, патология жағдайында ғана жол берілуі қажет.

«Суррогат ана» бағдарламасы келесі алгоритм бойынша жүргізіледі: суррогат ана мен генетикалық менструалды циклдің кезектілігімен; экстракорпоралды ұрықтандыру мен эмбрионаны отырғызуды жүргізу (осы жағдайларда).

Біздің көзқарасымыз бойынша, егер суррогат ананың рөлін бала көтере алмайтын және босана алмайтын әйелдің туысы мойнына алатын болса, осыған байланысты құқықтық мәселелердің туындамауы да мүмкін, бұл өз кезегінде суррогат ананың коммерциялану қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Осындай мағылалар саны жетерлік: 1994 жылы Австралияда суррогат ананы пайдалану туралы заңнамадағы бірқатар шектеулер алынып тасталған болатын, бұл өз кезегінде апалы-сіңлілердің генетикалық ата-аналардың алмастырушы аналар болуына мүмкіндік берді (Ананьев, 1999: 15).

Солтүстік Королина штатында (АҚШ) өзі бала көтере алмайтын жағдайдағы әйелдің әпкесі, күйеу баласының ұрығынан ұрықтандырылған және 1947 жылы мамыр айында бала босанған. Осындай шешімді қабылдас бұрын ерлі-зайыптылар алты жыл бойы бедеуліктен емделген болатын. Ағылшындық әйел Эдит Джонске өзінің қызы 22 жастағы Сюзанның аналық жасушамен, оның 23 жастағы күйеуі

Крич Ленгстонның ұрығының қосылу жолымен алынған эмбрион салынған болатын. Бірінші рет бедеу қызының орнына анасының бала көтеру жағдайы ОАР 1987 жылы тіркелген болатын (Андреева, 2000: 16).

Болашақ баланың заңды ата-анасы болуды қалайтындар, ерлі-зайыптылардың арасында туыстық қарым-қатынас болмаған жағдайда, негізінен суррогат анамен баланы ерлі-зайыптыларға асырап алу үшін беру жөніндегі міндеттемелер және оған төленетін сомманың көлемі мен төлену тәртібі бекітілген келісім шарт жасалады.

Алайда, әлемдегі тәжірибе көрсетіп отырғандай, медицина қызметкерлері жағынан да, суррогат анаға тікелей қатысы бар тұлғалар жағынан да қылмыстық асыра пайдаланушылық болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда азаматтардың репродуктивті құқықтарын қорғау мен сақтаусыз, қылмыстық заңды айналып өту мүмкін емес.

Қазіргі таңдағы суррогат ана да жататын биотехнология келесі қылмыстық бағытта пайдаланылуы мүмкін: адам ағзалары мен тәнін саудалау (гендік инженерияның өнімі ретінде), эмбриондардың ферталды тәнін пайдалану (стволовые клетки), криминалды биотехнологияның басқа да түрлері В.Г. Овчинскийдің және басқа да авторлардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған (Рүстемова, 2016 а: 17).

ТМД елдерінің Қылмыстық кодексінде біздің Қылмыстық кодексте қарастырылмаған суррогат анаға байланысты құрамдар бекітілген. Мысалға алар болсақ: Молдованың Қылмыстық кодексінің 158-бабында «Незаконное производство искусственного оплодотворения или имплантация эмбриона»; 157-бабында «Незаконное производство хирургической стерилизации»; Әзірбайжан Республикасының ҚК-нің 136-бабында «Незаконное искусственное оплодотворение и имплантация эмбриона, медицинская стерилизация»; 137-бабында «Купля-продажа и принуждение изъятия для трансплантации органов или тканей человека»; Литваның ҚК-нің 308-1-бабында «Запрещенные биомедицинские исследования с человеком или эмбрионом человека» (Әзірбайджан Республикасының ҚК, Литва Республикасының ҚК.: 18). Аталған норма суррогат ана жоғары деңгейде дамыған және адамның репродуктивті денсаулығы толық қорғалған Ресей Федерациясының ҚК-де де қарастырылмаған болып отыр. Жоғарыда келтірілген нормаларды біздің Қазақстан

Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізу аталған медициналық қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік берер еді.

Қазақстан Республикасында орын алып отырған ахуалға шолу жасай отырып, қолдан жасалған репродукцияны пайдалану әдісі, оны ішіндегі суррогат ана саласын реттеуші қолданыстағы нормалар, фрагментарлы, орын алып отырған мәселелердің кейбір қырларын ғана қамтиды. Осыған байланысты оларды заңды түрде қамтамасыз ету міндеттілік мемлекетке жүктелуі қажет. Біздің пікірімізше, адамдармен өздерінің репродуктивті құқықтарын жүзеге асыру барысындағы туындайтын өзекті мәселелердің көпшілігін шешудің жолы ретінде Қазақстан Республикасының 18 қыркүйек 2009 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі (14.07.2017 ж. өзгертулер мен толықтырулар) болуы тиіс (Қазақстан Республикасының кодексі, 2017: 19; Рүстемова, 2015 б: 20).

Репродуктивті денсаулық пен адамның репродуктивті құқығы бойынша мәселелер ұлттық қауіпсіздікті анықтайтын әлеуметтік мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып саналады. Осыған байланысты мемлекетке оларды жан-жақты заңды түрде қамтамасыз ету міндеттілігін жүктеу қажет.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот суррогат ана немесе басқа көмекші репродуктивті технологиялар туралы істерді жиі қарастырады. Мысалы, Диксон Біріккен Королдікке қарсы, 18 сәуір 2006 жылғы №44 362/04 Қаулысы.

1994 жылы бірінші шағымданушы Диксон адам өлтіруге кінәлі танылып, бас бостандығынан айыру орнында 15 жылдан кем емес мерзімге жазасын өтеу түріндегі өмір бойы бас бостандығынан айыруға үкім кесілген. Оның балалары болған. 1999 жылы ол өзі сияқты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеген

әйелді кездестіріп, 2001 жылы үйленген. Диксон ханымның бұрынғы некеден үш баласы болған. Оның бостандыққа шыққаннан кейін, балалы болу үшін ерлі-зайыптылар қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсету мекемесіне жүгінген. Ішкі істер министрлігі олардың шағымын қабылдамаған, ол жөніндегі шағым да қараусыз қалдырылған.

Балалықтың алғашқы кезеңінде әкесінің ұзақ уақыт болмауына және материалдық қамтамасыз етілмеуіне байланысты бала күтімінің болмайтындығын алға тартып Еуропалық сот министрді қолдаған. Адам құқығы жөніндегі Еуропа Соты жұмысының тәжірибесінде көмекші репродуктивті технологияларды құқықтық реттеудің басқа да жағдайлары кездеседі (Москаленко, 2006:21).

### Қорытынды

Репродуктивті денсаулықты қылмыстық құқықтық қорғау мәселелерін қарастыруды қорытындылай отырып (осы сұрақ бойынша бұрын мақала жарияланған), адам өміріндегі репродуктивті саланы қылмыстық-құқықтық қорғау қазіргі уақытта аз зерттелген құқықтық зерттеу тақырыбы болып отырғанын атап өткіміз келеді. Адамның репродуктивті денсаулығы, жай адам денсаулығы сияқты, өзінің маңыздылығында қылмыстық-құқықтық қорғаудың тек нысаны болып қана танылмайды, сонымен бірге болады. Сонымен бірге адамдармен өздерінің репродуктивті денсаулығын жүзеге асыру барысындағы туындайтын өзекті мәселелердің көпшілігінің шешілу жолы ретінде жоғарыда атағанымыздай, Қазақстан Республикасының 18 қыркүйек 2009 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі де алдағы уақытта жетілдіру қажеттігі туындап отыр.

### Әдебиеттер

- Вишневский А.Г. Балалар мен қоғамның жасалуы. – М., 2002. – 287 б.  
 Вундер П.А. Жыныстың эндокринологиясы. – М., 1990. – 253 б.  
 Голод С.И. Отбасы тұрақтылығы: әлеуметтік және демографиялық аспектілері. – СПб., 2002. – 136 б.  
 Орталық және Шығыс Еуропа: адам құқықтары мен демократия мәселелері // «Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі демократияның шешілуі барысындағы дағдылық» ЮНЕСКО халықаралық конференция материалдары. – М.: Моск. Халықаралық құқық Тәуелсіз Институты, 1995. – 396 б.  
 Адам құқықтарын заңды қорғау // «Адам құқықтары» Мәскеу Хельсинки тобы Семинарының материалдар жинағы. – Шығ. 5 / Л.И. Богораз редакциясымен. – М., 2003. – 240 б.  
 Люшер Ф. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын Конституциялық қорғау / Француз тілінен аударылған. – М.: Прогресс, Универс., 1993. – 261 б.  
 Неке, отбасы, туу көрсеткіші және репродуктивті ұстанымдарды әлеуметтік демографиялық зерттеу. – Ереван, 2003. – 143 б.

- Тольц М.С., Оберг Л.Я., Шишко О.А. Әйелдердің репродуктивті қызметін жүзеге асырудың алғашқы кезеңі // Ресей Федерациясының Денсаулық сақтауы. – 2003. – №7. – Б. 12-17.
- Харчев А.Г. Неке және отбасы: ұлт пен халықтар арасы. – М., 2002. – 339 б.
- Инжіл: Тұрмыс, тарау. – Алматы: Инжіл. Қоғам, 1994. – 301 б.
- Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы бойынша хрестоматия: 2 т. К.И. Батыр, Е.В. Поликарпованың редакциясымен. – М.: Юристъ, 1996. – 519 б.
- Плутарх. Әйел даңқы туралы // Морали: Соч. – М.: Эксмо-пресс, 1999. – 1117 б.
- Рулан Н. Антропология заңы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Норма, 2000. – 501 б.
- Воеводин Л.Д. Тұлғаның заңи мәртебесі. – М., 2000. – 304 б.
- Ананьев Б.Г. Адам сананың заты ретінде. – СПб., 1999. – 339 б.
- Андреева И.С. Жыныстың, некенің, отбасының әлеуметтік философиялық мәселелері // Философия сұрақтары. – 2000. – №2. – Б.16-22.
- Рүстемова Г.Р. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар: монография. – Алматы, 2016. – 133 б.
- Азербайжан Республикасының ҚК / Ғылыми. ред., кіріспе сөз И.М. Рагимова, азербайжан тілінен аударылған. Б.Э. Аббасова. – СПб.: Пресс заң орталығы, 2001. – 325 б.; Литва Республикасының ҚК. – Спб.: Пресс заң орталығы, 2002. – 320 б.
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2017.
- Рүстемова Г.Р., Тажибаев Б.Н. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының жаңа ҚК бойынша // Asian Social Science; Vol. 11, No. 19; 2015 ISSN 1911-2017 E-ISSN 1911- 2025 Published by Canadian Center of Science and Education; B.275-280.
- Москаленко В.Ф. Денсаулыққа құқықтың көлемі мен қағидалы мазмұны халықаралық нормативтік құқықтық актілерде // Медициналық құқық. – 2006. – №4 (14). – Б. 10-21.

#### References

- Vishnevsky A.G. (2002) Balalar men kogaminn jasaluy. – M. – 287 b.
- Vunder P.A. (1990) Zhyynyystyn endokrinologiyasy. – M. – 253 b.
- Golod S.I. (2002) Otbasy turaktylygy: aleumetik zhane demografiyalyk aspektileri. – St. Petersburg. –136 b.
- Ortalyk zhane Shygys Europa: Adam kukyktary men demokratiya maseleleri // Ortalyk zhane Shygys Europa elderindegi demokratiyanin sishilui barysyndagy dagdylyk: UNESCO halykaralyk conference materials. – M.: Mosk. Halykaralyk kykyk tauelsiz instituty, 1995. – 396 b.
- Adam kukyktaryn zandi korgau // “Adam kukyktary”: material of the ginagi. – Shyg. 5 / L.I. Bogoraz redaktsiyasyemen. – M., 2003. – 240 b.
- Lyusher F. Tulganyn kukyktary men bostandiktarin konstitutsiyalik korgau / Frantsuiz tilinen audarylган. – M.: Progress, Univ-ers., 1993. – 261 b.
- Neke, otbasy, tuu korsetkishi zhane reproductivti ustanyimdarky aleumettik demografiyalyk zertteu. – Erevan, 2003. – 143 b.
- Tolts M.S., Oberg L.Ya., Shishko O.A. Ayelderdin reproductivti kyizmetin zhuzege asyirudyin algashkyi kezeni // Resey Fed-eratsiyasyinyin Densaulyk saktayui. – 2003. – № 7. – B. 12-17.
- Harchev A.G. (2002) Neke zhane otbasyi: ult pen halyiktar arasyi. – M., 2002. – 339 b.
- Inzhil: Turmyis, tarau. 30. – M.: Inzhil. Kogam, 1994. – 301 b.
- Memleket zhane kuyiktyin zhalpyi tarihyi boyynsha hrestomatiya: 2 t. K.I. Batyir, E.V. Polikarpovanyin redaktsiyasyimen. – M.: Yurist’, 1996. – 519 b.
- Plutarh. Ayel dankyi turalyi // Morali: Soch. – M.: Eksmo-press, 1999. – 1117 b.
- Rulan N. (2000) Antropologiya zani: Jogargi oku orindarina arналган okulik. – M.: Norma. – 501 b.
- Voevodin L.D. (2000) Tulganın zani martebesі. – M. – 304 b.
- Ananev B.G. (1999) Adam sananyin zaty retinde. – SPB. – 339 b.
- Andreeva I.S. (2000) Zhyinyystyin, nekenIn, otbasyinyin aleumettIk filosofiyalyk maselelerI // Filosofiya suraktaryi. – № 2. – B.16-22.
- Rustemova G.R. (2016) Meditsinalyik kyilymystyik kuyik buzushyilyiktar: monografiya. – Almatyi. – 133 b.
- Azerbaydzhan Respublikasyinyin KK / Gyilyimi. red., kIrlspe soz I.M. Ragimova, Azerbayzhan tIlInen audarylган. B.E. Ab-basova. – Spb.: Press zan ortalyigy, 2001. – 325 b.; Litva Respublikasyinyin KK. – Spb.: Press zan ortalyigy, 2002. – 320 b.
- «Halyik densaulygyi zhane densaulyk saktau zhuyesI turalyi» Kazakstan Respublikasyinyin kodeksI. – Almatyi: YuRIST, 2017;
- Rustemova G.R., Tazhibaeв B.N. Meditsinalyik kyilymystyik kuyik buzushyilyiktar Kazakstan Respublikasyinyin zhana KK boyynsha // Asian Social Science; Vol. 11, No. 19; 2015 ISSN 1911-2017 E-ISSN 1911- 2025 Published by Canadian Center of Science and Education; B.275-280.
- Moskalenko V.F. Densaulyikka kuyiktyin koleml men kagidalyi mazmunyi halykaralyk normativtIk kuyiktyik aktllerde // Meditsinalyik kuyik. – 2006. – №4 (14). – B. 10-21.